

Ембі ТЫНЫСЫ

№21 (61)
қараша
2020 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

11 қараша - Энергия үнемдеу күні

Өткен жылы еліміздің атаулы күндер тізбесінде тағы бір атаулы күн пайда болды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына сәйкес, 11 қараша - Энергия үнемдеу күні болып белгіленді.

Атап өту керек, Қазақстан табиғи ресурстарға ұқыпты қарауға назар аударатын «Жер сағаты» дүниежүзілік экологиялық акциясына жылда тұрақты қатысып келеді. Осы идеяны одан әрі дамыту мақсатында күнтізбеге энергияны үнемдеу күнін енгізілді.

Айта кетсек, 2008 жылдың қарашасында әлемде бірінші рет энергия жабдықтау күні атап өтілген болатын. Содан бері халықаралық мәртебеге ие болған аталмыш жобаға қатысуға шамамен 20-ға жуық ел ниет білдірген. Солардың қатарында Қазақстан да болды. Мерекенің негізгі мақсаты - ресурстар мен энергия көздерін тиімді әрі үнемді пайдалануға билік пен қоғамның назарын аударту.

Энергияны үнемдеу мәселесі әлемдік тұрғыда маңызды мәселе болып табылады. Өйткені, ол қоршаған ортаның ластануын азайтуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, энергияны үнемдеу экономикалық тұрғыдан пайдалы.

Құрметті ембіліктер!

Өндірістің энергия сыйымдылығын төмендету және қоршаған ортаға зиянды әсерін азайта отырып, ағымдағы өндірістік көрсеткіштерді сақтау «Ембімұнайгаз» АҚ-ның қолға алған басым бағыттарының бірі болып табылады. Қарапайым тілмен айтсақ, бөлмеден шығар кезде жарықты өшіру, суды ашық қалдырмау, көлік жүргізу ережелерін сақтау, технологиялық режимдерді сақтау сынды жұмыстарда энергияны үнемдеудің қарапайым шараларын күнделікті сақтау арқылы энергияны үнемдеуге үлес қоса аламыз.

Компанияның энергия үнемдеу және энергияны басқару бағытында атқарып жатқан жұмыстары туралы материалды корпоративті газеттің 3-бетінен оқи аласыздар.

Ғаламшарды бірге қорғайық!

Құрметпен, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы.



Мемлекет басшысы «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқарма төрағасы Ахметжан Есімовті қабылдады



Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Самұрық-Қазына» ҰАҚ компаниялар тобының 9 айдағы жұмысының қорытындылары туралы есеп берілді.

Ахметжан Есімовтің мәліметінше, есептік кезеңдегі таза табыс жоспарланған 167 млрд теңгеден 2,6 есеге асып, 436 млрд теңгеге жеткен. Биыл Үкіметке

120 млрд теңге көлемінде дивидендтер төленіп, 2017 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 10 есе артық. Сондай-ақ, энергетикалық, мұнай-газ, уран, телекоммуникациялар, пошта және басқа да салалардағы компаниялар тобының барлық кәсіпорындарында үздіксіз жұмыс қамтамасыз етілді. Өндірістегі жұмыс

орындары жаппай қысқартуға ұшырамай, персонал толық құрамда сақталды, қызметкерлерге еңбекақы уақытылы төленіп отыр.

«Самұрық-Қазына» басшысы Қор сатып алулар жүйесі арқылы ел экономикасын қолдауға қатысты Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау жөніндегі жұмысты жалғастырып жатқанын хабарлады. Биылғы 9 айдың қорытындысы бойынша Қордың сатып алулар жүйесіндегі жергілікті өнім үлесі 66% құрады. Бәсекелестік ортаға 819 млрд теңгеге сатып алулар шығарылған. Бизнестің 17 000 субъектісі Қордың сатып алуларына қатысуға мүмкіндік алды. 2020 жылдың басынан бері компаниялар тобы 2,4 трлн теңгеге отандық бизнестен шарттар жасасып, жергілікті кәсіпорындарға 12 мың тапсырыс берілген. Аталған кәсіпорындарда 280 мың адам жұмыс істейді. Есеп бойынша мемлекеттік бюджетке 170 млрд теңге көлемінде салық төлемдері түсуі тиіс.

Сондай-ақ, Қазақстан Президентіне Қорды инвестициялық холдингке айналдыру тұжырымдамасы ұсынылды.

Басқарма басшысы Ахметжан Есімов Қасым-Жомарт Тоқаевқа инвестициялық холдингке айналдырудың артықшылықтары туралы айтты. Оның сөзінше, бұл активтердің географиясы мен салалары бойынша портфельді ертаратандыруға, инвестициялардың табысын арттыруға, дивидендтердің есебінен бюджет түсімдерін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысына Жолдаудағы тапсырмаларға сәйкес Қор активтерін жекешелендіру бағдарламасы жалғаса беретіні туралы хабарланды. Бұл ретте, Қор мемлекеттік және жеке меншік мүдделер арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету мақсатында ірі және стратегиялық компаниялардағы өз үлесінің 51 және одан да көп пайызын бақылауды сақтап қалады.

www.akorda.kz

Тағайындау

Мұнайлы Ембінің Директорлар кеңесі құрамы өзгертілді

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 28 қазандағы шешімімен «Ембімұнайгаз» АҚ (бұдан әрі ЕМГ) Директорлар кеңесінің мүшесі Хасанов Дәулетжан Кеңесұлының өкілеттілігі мерзімінен бұрын аяқталып, осы шешіммен ЕМГ Директорлар кеңесіне жаңа мүше – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры **Сәулебай Мәлік Оралұлы** сайланды.

Бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы 6 адамнан тұрады:

Марабаев Жақып Нәсіпқалиұлы

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары

Сәулебай Мәлік Оралұлы

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры

Бекназарова Айгүл Жақсықұлқызы

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қаржы департаментінің директоры

Есен Қайржан

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы

Ізбасов Мақсым Шафиұлы

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры

Ертлесова Жаннат Жорғалиқызы

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, «Эксперт Қазақстан» ЖШС директоры.



Баспасөз-2021

Ембіліктер арасында баспасөзге жазылу науқаны қарқынды жүруде

Елімізде, соның ішінде, облысымызда көлер жылдағы мерзімді баспасөзге жазылу науқаны басталды. Осы орайда, ембілік мұнайшылар да жергілікті жерлерде науқанның қарқынды жүруіне белсенділікпен атсалысып келеді.

Облыс, аймақ жаңалықтарын жедел әрі тұшымды тарататын Қызылқоға аудандық «Қызылқоға», Исатай аудандық «Нарын таңы», Мақат аудандық «Мақат тынысы» және Жылыой аудандық «Кең Жылыой» газеттеріне жазылуға әлі де кеш емес екендігін хабарлаймыз! Аталмыш басылымдарға мұнайшылардың ерікті түрде жалақылары есебінен жазылуға болатынын қаперлеріңізге береміз. Аймақ жаңалықтарын жіберіп алмаңыздар!



Басылым атауы	Индекс	Жазылу бағасы (тг)	
		6 айға	12 айға
«Қызылқоға» газеті	65576	1568,06	3136,12
«Нарын таңы» газеті	66581	1675,96	3351,92
«Мақат тынысы»	65574	1638,26	3276,52
«Кең Жылыой»	65583	1843,44	3686,88

Редакциялық кеңес

SPE Каспий техникалық конференциясы: ҚМГ тұрақты даму жолында

Қазанның 21-22 күндері онлайн-форматта Халықаралық мұнай-газ өнеркәсібінің инженерлері қоғамының (SPE) Каспий техникалық конференциясы өтті. Іс-шара «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) қолдауымен ұйымдастырылды.

Конференцияның тақырыбы – «Әлемдік деңгейдегі бәсекелестік: қолайлы қоршаған ортаны қалыптастыру». Шараға мұнай-газ компанияларының, халықаралық ұйымдардың, ҚР Энергетика министрлігінің, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің, KAZENERGY қауымдастығының өкілдері қатысты.

- SPE сияқты форумдарды өткізудің маңыздылығы зор. Күн сайын өзгеріп жатқан әлемде біз өнеркәсібімізге қатысты тақырыптарды ұжым болып талқылауымыз қажет. Мұнай-газ секторының техникалық мамандары арасында тікелей байланыс орнатуға аса мән береміз. Себебі саланың ағымдағы міндеттерін іске асырудың тиімділігі осы мамандардың жұмысына байланысты, - деп атап өтті шараның ашылу салтанатында ҚМГ Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары Жақып Марабаев.

Конференция барысында инвесторлар мен операторларға арналған панельдік пікірталас, 12-ден астам техникалық сессия өтті. Онда сарапшылар өзекті мәселелерді, мұнай-газ өнеркәсібінің әлеуметтік, экономикалық және білім беру қажеттіліктерін, саланың жаңалықтары мен жетістіктерін талқылады.

- Алдымызда тұрған басты мәселе – кен орындарымыздың көпшілігі ескіріп, сарқылу үстінде. Жабдықтың тозуы, дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік беретін және өндірістік операциялардың тиімділігіне әсер ететін тарихи деректердің жетіспеушілігі – ең маңызды мәселелердің бірі деп айтуға болады. Басқа операторлар секілді біздің де міндетіміз активтерімізде ұдайы жетілдіру циклін тоқтатпау болып табылады. Компания өндірістік операцияларды оңтайландыруға және шешімдердің техникалық сапасын арттыруға назар аударуда. Бұған білікті кадрлар, озық тәжірибелерді қолдану, тың технологияларды іздеу мен оларды өндірісте енгізу сияқты факторларды жүзеге асыру септігін тигізетін болады, - деп мәлімдеді «Қазіргі операциялық ортада экономикалық табысты қамтамасыз ету» атты панельдік сессияда Ж.Марабаев.

Компанияның төтенше жағдайларға дайындығы туралы ҚМГ еңбек және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Қайрат Сақтағанов баяндады. Мұнай-газ секторындағы кадр өлеуеті туралы «Жұмысқа табысты қабылдау: бәсекелестік жоғары энергетикалық нарықтағы білім, рекрутинг және таланттарды басқару» панельдік сессия барысында ҚМГ адами ресурстарды басқару департаментінің директоры Ботагөз Әшірбекова баяндама жасады.

www.kmg.kz


Мұнайлы Ембіде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша ең ұзын горизонталды ұңғыма бұрғыланды

«Ембімұнайгаз» АҚ-да (бұдан былай ЕМГ немесе Компания) соңғы жылдары кен алаңдарында горизонталды ұңғымаларды бұрғылау технологиясын белсенді іске қосуда. Аталмыш технология – Ембі өңірінің байырғы кен алаңдарында қалған қорды игеруге мүмкіндік беретін әдіс.

- Біз мұнай-газ саласында қолға алынып жатқан алдыңғы қатарлы технологияны үнемі назарда ұстаймыз, толық зерттеп болған соң, өндірістік қызметімізге тәжірибе ретінде енгізудеміз. Горизонталды ұңғымаларды бұрғылау технологиясы өзінің тиімділігімен вертикалды ұңғымаларды алмастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қоса, қоршаған ортаға тасталар зиянды қалдықтардың көлемі азаяды. Сондай-ақ, бұл әдіс игерілуі қиын кен орындарының өнім беру мерзімін ұзартады. Өткен 2 жылда горизонталды ұңғымаларды бұрғылау әдісі өзінің тиімділігін дәлелдеді. Олардың өнімділігі вертикалды ұңғымаларға қарағанда 8-10 есе жоғары. Сол себепті 2021 жылы тек горизонталды ұңғымаларды бұрғылау жоспарланып отыр, - дейді «**Ембімұнайгаз**» **АҚ** Кен орындарын игеру жөніндегі басқарушы директоры Қайрат КӨЗОВ.

Соңғы жылдарда Ембі өндірісінің кен алаңдарында барлығы 14 горизонталды ұңғыма қазылып, соның ішінде, Гран кен орнында («Жайықмұнайгаз» МГӨБ) «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша ең ұзын горизонталды секциясы бар (1 км-ге жуық) ұңғыма (1-сурет) қазылды.

Ұңғыманың құрылыс жұмыстарын бас мердігер - отандық компания «СБК «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» ЖШС көлбеу бағытта бұрғылайтын субмердігер «Шлюмберже Лоджелко Инк» компаниясымен бірігіп атқарды.



1-сурет – Горизонталды ұңғыманың қабатта қазылған профилі

11-қараша - Энергия үнемдеу күні

Энергияны үнемдеу - дамуға нық қадам

Қазіргі таңда энергия ресурстарының шектеулілігі және олардың құнының үнемі өсуі өзекті проблема болып табылады. «Ембімұнайгаз» АҚ-ның басым мақсаттарының бірі - өндірістің энергия сыйымдылығын төмендету және қоршаған ортаға әсерін азайту арқылы ағымдағы өндірістік көрсеткіштерді сақтау.

Компания келісі ресурстарды тұтынады: электр энергиясы, мотор отыны (бензин, дизель), су, мұнай, табиғи газ. Тұтынудың негізгі үлесі ілесте мұнай газы мен электр энергиясына келеді, «Ембімұнайгаз» АҚ – Атырау облысындағы ірі электр энергиясын тұтынушылардың бірі.

Компания 2013 жылдан бастап ISO 50001:2011 «Энергия басқару жүйесі. Қолдануға қойылатын талаптар мен нұсқаулар» стандартына сәйкес энергияны басқару жүйесінің элементтерін енгізе отырып, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы жұмысты бастады.

Сол кезде өндіріске

негізгі энергетикалық ресурстарды тұтынудың нақты көрсеткіштерінің артуы байқалды (бірқатар факторларға байланысты, мысалы, ескірген жабдық, басқарудың автоматтандырылған жүйелерін орнату қажеттілігі және т.б.). Соған сәйкес «Ембімұнайгаз» АҚ-да барлық деңгейдегі кеңселерден өндіріске дейін энергия тиімділігін арттыру туралы шешім қабылданды. Энергия менеджменті саласындағы мақсаттар және оларға жетудің қадамдары анықталды, энергия тұтынуды бақылау және талдау рәсімдері әзірленді. Жыл сайын жүйені қадағалау аудиті, ал сертификаттық аудит 3 жыл сайын өткізіледі.

2019 жылдың шілдесінде Компанияның энергияны үнемдеу саясатына деген ұмтылысы мен міндеттемесін ЕМҒ-нің «Жылытұмұнайгаз» МҒӨБ, «Қайнармұнайгаз» МҒӨБ және Орталық басқару аппаратында өткен «TUV-NORD» халықаралық компаниясының тәуелсіз аудитімен растады.

Әндірістік бөлімшелер басшылығының, цех басшыларының және жұмысшылардың энергияны үнемдеу мәселелеріне деген оң көзқарастары жоғары бағаланды. Аудиторлар өндіріс қызметкерлерінің жоғары біліктілігі мен энергия үнемдеу және энергия тиімділігі мәселелеріне деген ашықтығын бағалады.

Сондай-ақ, 2019 жылы Компания мемлекеттік энергетикалық реестр субъектісі ретінде «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы №541-IV Заңының талаптарына сәйкес міндетті энергетикалық аудиттен сәтті өтіп, энергияны үнемдеу және энергия тиімділігі саласындағы Мемлекеттік даму реестрінің операторы – Ұлттық даму институтынан энергия аудитін талдау нәтижелері бойынша оң қорытынды алды.

Энергетикалық аудиттің нәтижелері бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 2020 - 2024 жылдарға арналған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жоспары» әзірленді. Оған сәйкес отын-энергетика ресурстарының шығынын азайту және тұтастай алғанда энергия тиімділігі деңгейін арттыру жолдары көрсетілген.



ҚР №541-IV Заңының 21 тармағына сәйкес, мемлекеттік энергетикалық реестр (МЭР) субъектілері энергетикалық аудиттен өткеннен кейін бес жыл ішінде бекітілген энергетикалық ресурстар, өнім, ғимараттар аумағы, құрылыстар мен қондырғылар ауқымы бірлігіне суды тұтыну көлемінің жыл сайынғы азаюын қамтамасыз етуге міндетті.

Қазіргі уақытта Компанияның алдында энергияны үнемдеу және энергия тиімділігі бойынша бекітілген іс-шараларды жүзеге асыру, ресурстарды тұтынуға бақылау және бақылау жүйесін жетілдіру, сондай-ақ, энергия менеджменті мәселелеріне Компания қызметкерлерінің қатысуын арттыру міндеттері тұр.

Жыл сайын 30 наурызға дейін энергия менеджменті бойынша жұмыс тобы бекітілген іс-шаралар жоспарына энергияны үнемдеу және энергия тиімділігі саласындағы өзгерістер мен толықтыруларды

қарастырады. Көрсетілген кезеңде энергияны тұтынудың артуына әкелуі мүмкін өзгерістер (қайта қалпына келтіру, құрылыс жұмыстарын жүргізу, жаңа технологияларды енгізу) болуы ықтимал. Сондықтан, жыл сайын Компанияда энергетикалық талдау жүргізіледі.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру шараларының нәтижелерін талдау және бақылау үшін энергия тиімділігінің индикаторлары анықталып, бақылауда ұсталуда.

2016-2019 жылдар аралығында энергия тиімділігінің нақты негізгі көрсеткішінің 0,0583 шартты отын тоннасынан (т.у.т/тн) 0,0500 ш.о/тн-на дейін төмендеуі энергияны үнемдеу және энергия тиімділігі бағытында ЕМГ жүргізген жұмыстардың нәтижелілігін көрсетеді.

Бүгінгі таңда жабдықтарды жаңғырту жұмыстарын жүргізу мәселесі өткір тұр. Тозған жабдықтар мен ескі технологиялар энергияны жоғалту көздерінің бірі болып табылады. Компания бұл бағытта көптеген ауқымды жұмыстарды жүргізеді – энергия үнемдейтін заманауи жабдықтар сатып алады, есептеу құралдары мен бақылау мен басқару жүйелерін жаңартады, пештерді жаңғыртады және ауыстырады. Сондай-ақ, 2012 жылдан бастап көлік құралдарына арналған GPS-бақылау жүйесі енгізілгенін айта кеткен жөн. Қазіргі уақытта жеке автопаркіміз 100% GPS-трекерлерімен жабдықталған.

Күш-жігерді біріктіру арқылы ғана біз «Ембімұнайгаз» АҚ-ның энергия тиімділігін жоғары көрсеткіштеріне жеткізе аламыз. Өндірістің негізгі міндеттері мен энергияны басқару мақсаттарынан басқа, әр жұмысшы энергия тұтынуды азайтуға жеке үлес қоса алады. Бұл үшін қарапайым ережелерді сақтау ғана қажет:

- кабинеттен (бөлмеден) шыққан кезде жарықты өшіріңіз = электр энергиясын үнемдеу;
- көлік жүргізу ережелерін сақтау = жанар-жағармай материалдарының шығынын азайту;
- операторлардың технологиялық режимдерін сақтау және бақылау = электр энергиясын, мұнай мен газды үнемдеу;
- суды ашық қалдырмаңыз немесе крандар мен душ кабиналарын қатты қысыммен қоспаңыз.

Ғасырдан астам уақыт өнім беріп келе жатқан ескі кеніштердің екінші тынысын ашу, өнім беру көрсеткіштерін тұрақтандыру, жұмысшылардың жұмыс орындарын сақтау – өзекті мәселе. Демек, өнім берудің соңғы сатысындағы байырғы мұнай кеніштерінде өнім өндіру жоспарын орындау, қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету, экологиялық талаптарды бұлжытпай орындау және еңбек ұжымында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету сияқты маңызды міндеттер тұр.

«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасындағы Құлсары тобындағы кен алаңдарында жоғарыда аталған шаралар жергілікті мамандардың өз күштерімен жүзеге асуда. Өнім берудің соңғы сатысындағы мұнай кеніштеріне бюджеттен қаражаттың көп бөлінбейтіні түсінікті жәйт. Алайда, жергілікті мамандар «қаражат көп бөлінбейді» деп қол қусырып қарап отырған жоқ. Барынша қолдан келер барлық мүмкіндіктерді іске қосуда. Байырғы кеніштерде өнім алу жоспарының тұрақты орындалуына қол жеткізу – мұнайшылардың адал еңбегінің жемісі екенін баса айтқан жөн.

Нақты қандай шаралар деген сауалға тоқталсақ.

ӨНДІРІСТЕГІ НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСТАР

Басқармаға қарасты Қосшағыл мұнай-газ өндіру цехына қарасты Ақінген кен алаңындағы №2 ұңғымадан 1980 жылы өнім белгісі табылып, 1993 жылы кеніш игерілуге берілген. Содан бері Ақінген кен алаңында мұнай өндіру жоспары тұрақты орындалып келеді.

Жалпы, мұнай өнеркәсібінде мұнайдың физикалық және химиялық қасиеттерінің негізінде күрделі мәселелер жиі кездесіп тұрады. Сондай мәселелердің бірі мұнайдың тұтқырлығының (вязкость) жоғары болуы. Мұның себепі – құрамында парафин мен смолааның көп болуы салдарынан. Алғашқы кездерде тұтқырлығы жоғары кеніштерді игеру мүмкіндігі, технологияның жоқтығынан шектәулі болып келді.

Майдың құрамында парафиннің көп болуынан НКТ құбырын көтеру, құбыр бойын ысы маймен жиі жуу сияқты әдістер қолданыста болған. Бұл мұнай өнімін айтарлықтай азайтатын еді. Құрамында парафині бар мұнайдың температурасы төмендеген кезде құрамындағы фазалық тепе-теңдік бұзылып, парафин мен смолааның езілу қасиеті төмендейді. Міне, осыдан келіп ұңғының бойында кептеліліп, мұнайдың қату процесі жүреді. Соның салдарынан НКТ құбыры бойында сығылу процесі орын алып, ұңғы өнімінің азаюына әкеліп соқтыратын. Бүгінгі таңда ақінгендік мұнайшылар жаңа технологиялық әдістерді қолдануда. Солардың бірі эмальмен қапталған НКТ құбыры, түтікпі штанга (полая штанга) және ұңғы асты электр қыздырғыштары (СЭН) сияқты құрылғылар қолданыста. Басқармаға қарасты Қосшағыл цехының кен орындарында осы қондырғыларды пайдаланудың нәтижесінде экономикалық тиімділік байқалауда. Ақінген кен орынының мұнай тұтқырлығының жоғары болуына орай бүгінгі таңдағы ең қолайлы әдіс – термо әдісі, яғни, пайдаланып отырған ұңғы асты электр қыздырғыштары. Басқарма басшылығы бұл ескі кен орындар үшін мұнай өндіру жоспарын тұрақты деңгейде ұстап отыруға бірден-бір септігін тигізетін

«БАРЛЫҒЫ ӨЗ КҮШІМІЗБЕН» ДЕЙДІ БАЙЫРҒЫ КЕНІШТЕРДІҢ МҰНАЙШЫЛАРЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты игеріліп жатқан кен алаңдарының арасында өнім берудің соңғы сатысында тұрған байырғы кеніштер де бар. Олардың дені – Ембі өндірісі бастау алған Доссор мен Жылыой өңірлерінде.

бүгінгі таңдағы ең тиімді әдіс екенін баса айтып отыр.

- Ұңғы асты электр қыздырғыштары мұнай тұтқырлығын төмендетуге, құбыр ішінде өнімнің қозғалғыштығының артуына, мұнай беру коэффициентінің көтерілуіне және өңдеуаралық мерзімнің ұзаруына мүмкіндік беріп отыр. Мәселен, осы әдісті қолданғаннан кейін өнім беру көрсеткішін тұрақты орындаумен қатар ұңғыларды өңдеуаралық мерзімнің ұзаруына да қол жеткіздік. Нақты санмен сөйлесем, орташа есеппен:

- түтікпі штангамен (полый штанга)- 30 күннен 79 күнге,
- эмальмен қапталған НКТ құбыры – 67 күннен 124 күнге,

ұңғы асты электр қыздырғыштары (СЭН) – 30 күннен 248 күнге дейін ұзартылды, - дейді «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бас инженері Ерлан ҚОНДЫБАЕВ.

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның байырғы кеніштерінің бірі - Терең-Өзек кен алаңы 1956 жылы ашылып, игерілуге берілген. Бүгінде тереңзектік мұнайшылар өнім өндіру көрсеткішін жоспарға сай орындап келеді.

Терең-Өзек мұнай-газ өндіру кен алаңының бастығы Қанат Нұрмашевтің айтуы бойынша, кенішке бюджет тарапынан қаражат бөлінбесе де, өзге басқармаларда қолданыстан шыққан жабдықтарды қайта қалпына келтіру арқылы кезегін күткен үлкен жұмыстар нәтижесін табуда.

- «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты өзге мұнай-газ өндіру



басқармаларынан келген жабдықтардың есебінен іске алмастыру қолға алынды. Демек, жабдық ғимаратқа көшірілген және жұмысы мұнайшының ауыр еңбегін айтарлықтай жеңілдетуге мүмкіндік беріп отыр. Сонымен қатар, аталмыш кен алаңында су бөлу бекеттері де Прорва кен алаңында қолданыстан шыққан

жасайтын топтық жүйелермен алмастыру қолға алынды. Демек, жабдық ғимаратқа көшірілген және жұмысы мұнайшының ауыр еңбегін айтарлықтай жеңілдетуге мүмкіндік беріп отыр. Сонымен қатар, аталмыш кен алаңында су бөлу бекеттері де Прорва кен алаңында қолданыстан шыққан

жабдықтардың есебінен іске қосылуда, - дейді Терең-Өзек мұнай-газ өндіру цехының бастығы Қанат НҰРМАШЕВ.

Терең-Өзек кен алаңында жақсы нәтижесін тауып жатқан тағы бір жақсы шараның бірі – өндірісілік жолдардың жөндеуден өтуі. Жөндеу жұмыстары өзге кен

алаңдарындағы құрылыс материалдарының қалдықтары есебінен жүзеге асып жатыр. Биыл 1,5 шақырымдық өндірісілік жол жөнделсе, алдағы уақытта тағы да 3 шақырым жолға жөндеу жүргізіледі деп күтілуде.

Байырғы кен алаңдарының өндіріс саласындағы жақсы

істерге риза болған Ақінген кен алаңының 5-дәрежелі мұнай-газ өндіру операторы Бауыржан Өтегенов осы кеніш ашылғаннан бері табан аудармастан бір орында 33 жылдан астам еңбек етіп келе жатқан байырғы мамандардың қатарынан. «Ерте-ректе өндірістің барлық жұмысы

қолмен атқарылды. Қазіргідей әлеуметтік қамқорлықты көрмедік десек те болады. Асымызды үйімізден тасып іштік, уақытпен санаспай күні-түні өндіріс басынан табылды. Бүгінде бұл қиындықтардың бәрі көрген түстей. Мұнайшының жұмысы айтарлықтай жеңілдеген, қол



еңбегі толықтай автоматты жүйеге көшкен», - деген Б.Өтегенов келесі жылы осы кеніштен зейнеткерлік демалысқа шығатынын да айтып қалды. Байырғы кеніште 40 жылға тарта еңбек етіп келе жатқан Терең-Өзек кен алаңының мұнай-газ өндіру операторы Демеген Жолдасов сол кездерде жыл он екі ай бойы аяқтарынан керзі етік түспейтіндіктерің, ескі вагондарда тұрып, қыста қолдан жасалған пеште от жағып вагонда жылытатынын әрі пеште тамақ дайындайтындырды айтып, бүгінгі мұнайшыларға жасалған жағдайдың жақсылығына куанады.

ЕҢБЕК АДАМЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМҚОРЛЫҚ - ӨЗЕКТІ

Қарапайым еңбек адамының алаңсыз жұмыс істеуі үшін олардың әлеуметтік проблемаларын шешу – ұжымдағы үнәмі назарда ұсталатын басты шараның бірі. Бұл орайда аталмыш мұнай кен алаңдары әлеуметтік нысандармен толықтай қамтылған. Қазіргі таңда әлеуметтік ғимараттар кезең-кезеңімен күрделі жөндеуден өтуде.

Мәселен, Ақінген кен орнындағы

30 орынды (2005 ж. салынған) жатақханаға қосымша 20 орындық мобилді жатақхана іске қосылды (2018 ж.). Бүгінде Ақінгендегі қос жатақханада 50 адам ауысымдық өліспен еңбек етуде.

Осы кен алаңындағы 2005 жылы кіріпштен салынған 30 орындық асхана 2017 жылы күрделі жөндеуден өткен еді.

Ал осы цехқа қарасты Қысымбай кен алаңының жатақханасы 2002 жылы пайдалануға беріліп, бүгінде нысан 50-60-қа дейін адамдарға қызмет көрсетуде. Оған 2015 жылы күрделі жөндеу жүргізілді.

2018 жылы салынып іске қосылған асханада 70 адам екі кезекпен тамақтанады.

Аққұдық кен алаңының 20 кісілік жатақханасына (1994 ж. салынған) 2019 жылы күрделі жөндеу жүргізілсе, асханасы да (1994 ж. берілген) 2019 жылы жөндеуден өтті.

Қосшағыл мұнай-газ өндіру цехына қарасты ең үлкен әлеуметтік нысанның бірі – Терең-Өзек кен алаңында. Мұндағы 2005 жылы салынған №1 жатақханада 100 адам тұрып жатыр. 2016 жылы ағымдағы жөндеу жүргізілген болатын.

Осы кен алаңындағы 50 орынды №2 жатақхана 2010 жылы салынып, іске қосылған. Ал 2016 жылы ағымдағы жөндеу жүргізілген.

Кеніштегі 2005 жылы іске қосылған 80 орындық асхана да



2014 жылы ағымдағы жөндеуден өтті.

Демек, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының кен алаңдарындағы әлеуметтік нысандардың заман талабына сай қызмет көрсетуі үнәмі назарда. Ас мәзірінің дәмді дайындалатынын мен жатын орындағы тазалықтың сақталуын жұмысшылардың өздері де жоғары бағалайды.

Ақінген кен алаңының мұнай-газ өндіру операторы Құттымұрат Өмірзақов пен Қысымбай кен алаңының мұнай-газ өндіру операторы Самат Биазов ас мәзірінің жыл маусымдарына орай үнәмі алмастырылатынын тағам құрамының пайдалы дәрумендерге толы болуы аспазшылар тарапынан жіті бақылатынын айтса, ақінгендік мұнай-газ өндіру операторы Жәніс Агесенов «жатақханамыздағы аққайма төсегімдіздің тазалығы қаладағы бес жұлдызды мейрамханалардан бір де бір кем емес» дейді.

Байырғы кеніштерге жұмысқа келген жас мамандар да еңбек жолдарының қазақ мұнайшының бастауында тұрған - Ембі өндірісінде басталғанын өздеріне мақтаншы тұтатынын айтады.

Терең-Өзек кен алаңының мұнай-газ өндіру операторы Ернәзар Бақдаулет 2012 жылы Қытай елінен көшіп келген екен. 2014-2018 жылдарда Атырау мұнай-газ университетінде оқып жүрген кезінде Дуалдық оқыту бағдарламасы бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ ұйымдастырған конкурста қатысып, 60 студенттің арасынан алға шыққан 20 түлектің қатарынан табылып, Ембі өндірісіне жұмысқа тұрғанын куана айтса, Ақінген кен алаңының мұнай-газ өндіру операторы Аманжол Тұңғышбай еңбекке араласқан 2 жылда байырғы мұнайшылардан көп нәрсе үйренгенін айтып, білім ордасынан алған теориялық білімін өндіріс алаңында іс жүзінде шебер ұштастыруға мүмкіндік алғанына ризашылығын жеткізді. Әсіресе, Ембі өндірісінде ұзақ жылдар еңбек еткен атасы мен әкесі салып кеткен сара жолды жалғап жатқанын мақтан ететінін баса айтты.

Түйін: Әлемдік пандемия мұнайшыларға да ауыр салмақ салды. Ауысымдық жұмыс әдісінің уақыты ұзартылып, алғашында екі айға жуық өндіріс басында болып, бір минутта өндірісті тоқтатпаған мұнайшылар мұның барлығы сақтық шараларынан туындаған уақытша қиындықтар екенін жақсы түсінді. Компания басшылығы ұсынған әдістер тек мұнайшылардың ғана емес, сонымен қатар, олардың отбасы мүшелерінің де амаңдығын ойлағандықтан қолға алынған уақытша шаралар екенін түсінді, бағалады. Бірлескен еңбектің нәтижесінде Ембі өндірісі сынақ мерзімдерінен сәтті шығып келеді.



Ардагер бейнесі мәңгі жадымызда!

2020 жылдың 28 қазанында «Қазақстан Республикасы жер қойнауының Құрметті геолог-барлаушысы» және «Қазақстан Республикасы кен алаңдарының алғашқы ашушысы» төс белгісінің иегері, геолог-барлаушы Рамазан Сарғұнанов өмірден өтті.

Сарғұнанов Рамазан Оразұлы 1947 жылдың 14 тамызында Атырау облысы Ескене кентінде дүниеге келген.

Рамазан Оразұлы мектепті үздік бітіріп, 1965 жылы И.М.Губкин атындағы Мәскеу мұнай және газ институтының «Геология, мұнай және газ кен орындарын барлау» факультетіне оқуға түседі. 1970 жылы институтті бітіріп, тау-кен инженері, мұнайшы-геолог маманы ретінде еңбек жолын туған өлкесінен бастайды.

1970 жылы Доссор мұнай-газ өндіру басқармасында ұңғыларды зерттеу тобының операторы мамандығынан бастап, өндіріс шебері, геолог, аға геолог болып еңбек етеді.

1976 жылы «Прорва мұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының («Жылыой мұнайгаз») бас геологы болып тағайындалады. Мұнай-газ қорын арттыру барысында Рамазан Оразұлының ұсынысымен және бақылауымен Орталық-Шығыс және Батыс Прорва кеніштерінің геология-геофизикалық мағлұматтары зерттеліп, терең пермотриас қабаттарында барлау жұмыстары басталады. Нәтижесінде жаңа мұнай-газ горизонттары анықталып игеруге қосылады.

1986–1993 жылдары Рамазан Оразұлы «Теңіз мұнайгаз» өндірістік бірлестігінде технология бөлімің, 1993–1996 жылдарда геология бөлімінің бастығы, бас геолог қызметтерін атқарады. 1986 жылы Рамазан Оразұлының ұсынысымен Орталық-Шығыс Прорва кенішінің батыс алаңында терең орналасқан орта-юра және пермотриас қабаттарының



барлау жұмыстары басталып, бұрғылау жұмыстары сәтті аяқталып, жаңа горизонттар табылған. Нәтижесінде Прорваның мұнай-газ қоры екі есе өсті. Сол жетістік үшін еліміз егемендік алған соң Рамазан Оразұлы 1999 жылы 31 наурызда «Қазақстан Республикасының кен орындарын алғаш ашушы» төсбелгісімен марапатталды.

1996 жылы Р.Сарғұнанов «Ембі мұнайгаз» акционерлік қоғамына вице-президент, бас геолог болып тағайындалады. 1997-1999 жылдар аралығында Рамазан Оразұлының ұсынысымен Қызылқоға ауданындағы «Тайсойған» блогында барлау жұмыстары басталып, нәтижесінде Уаз және Қондыбай мұнай кен орындары ашылды. Бұл үлкен жетістік үшін Рамазан Оразұлы 2014 жылы 28 наурызда екінші мәрте «Қазақстан Республикасының кен орындарын алғаш ашушы» төсбелгісімен марапатталады.

Еліміздің мұнай-газ секторындағы табысты еңбегі үшін 2007 жылы Рамазан Оразұлы «Қазақстан Республикасының жер қойнауының құрметті барлаушысы» төсбелгісіне ие болады.

Р.Сарғұнанов 2010 жылы «Ембі мұнайгаз» АҚ-нан зейнеткерлік демалысқа шықты.

Рамазан Оразұлы жұбайы Роза Дәулетқызымен бірге екі ұл, екі қыз тәрбиеледі. Балалары Нұржан, Ләззат, Салтанат және Марат жоғары білім ордаларын үздік бітіріп, бүгінде мұнай-газ саласында қызмет етуде. Салтанат пен Марат өке жолын қуып геолог мамандығын таңдап, Рамазан Оразұлының абыройлы еңбек жолын жалғастыруда.

Майталман мұнайшы, геолог-барлаушы Рамазан Сарғұнановтың Ембі өндірісін дамытуға қосқан үлесі біздің жадымызда мәңгі сақталады.

Марқұмның отбасына, ағайын-тумасына қайғырып көңіл айтамыз.

«Ембі мұнайгаз» АҚ ұжымы.

Өнерлі ембіліктер

ҚОЛӨНЕРДІҢ ХАС ШЕБЕРІ



Өткен жылы «Қайнар мұнайгаз» МГӨБ-ның Кенбай кен орнында Наурыз тойын тойлау кезінде көптің назарына іліккен Тайқазанды кейін басқарма ұжымы Қызылқоға аудандық мұражайға сыйға тартқаны жөнінде жазған болатынбыз. Бүгінгі «Өнерлі ембіліктер» айдарының кейіпкері сол Тайқазанды өз қолымен дайындаған – «Қайнар мұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Уаз, Қондыбай мұнай-газ өндіру учаскесінің дәнекерлеушісі Қуаныш МҰХТАРОВ.

Еңбек жолын сонау 1993 жылы 16 жасында «Эмбанефтьстрой» мекемесінде 3 разрядты плотник болып бастап, кейін арнайы курсты оқып, дәнекерлеуші мамандығын меңгеріп, кейін қызметін ауыстырады.

Ал «Ембі мұнайгаз» АҚ-на қарасты ең жас мұнай-газ өндіру басқармасы саналатын Қызылқоға ауданындағы «Қайнар мұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына 2004 жылы жұмысқа орналасты.

Қолөнер Қуаныш Мұхтаровтың бала кезден келе жатқан хоббиі десек те болады. Ол қолөнермен 12 жастан бері айналысып келеді. Аталған өнер түріне деген шеберлігі кейіпкерімізге өке қанымен дарыса керек. Әкесі Жұмажан Мұхтаров он саусағынан өнер тамған ағаш шебері болған. Ағаштан түрлі бұйымдар жасаған. Бала кезінен Қуанышты жанына ертіп, көп нәрсені үйреткен. Сондайда бала Қуаныш әкесінің қасынан үнемі табылып, қолғабыс ете жүріп үйренген. «Өке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер...» деген халық даналығы осындайда айтылса керек...

Қазіргі таңда әріптесіміз түрлі қолөнер бұйымдарына тапсырыс алып, вахтаралық демалыс кезінде де сүйікті ісімен айналысуды әдетке айналдырды. Мәселен, жоғарыда сөз болған салмағы шамамен 150 келідей болатын әдемі Тайқазанды дайындау үшін әріптесіміз вахтааралық демалыс кезінде де еңбектеніп, 18 күн ішінде дайындап шығарды.

- Тайқазанды жасау үшін төрт бұрышты құбырлар, қалыңдығы 0,8 мм болатын темір жайма қолданылды. Оларды әр түрлі мөлшерде кесіп алып, Тайқазанның кейпіне келтіріп, дәнекерледім. Аяқтары мен қақпағы да темір жаймадан жасалған. Бұдан кейін дайын оюларды сыртына жабыстырып, алтын түсті бояумен боялды, ал іші матамен қапталды. Халқымыздың төл мұрасы – Тайқазанды жасау, кейін оның Қызылқоға аудандық мұражайынан орын алуы – мен үшін үлкен мәртебе болды, - дейді Қуаныш

Жұмажанұлы бізбен әңгімесінде.

Қазір қолынан іс келетін адамға кәсіп көп. Тек ізденіп, ерінбей еңбек етсе болғаны. Төзім мен шыдамды серік етіп, темірден түйін түюдің өзі нағыз шебердің ғана қолынан келмек. Ата-бабаның дәстүрлі мұрасын жалғаушы қолөнершіге деген сұраныс та күннен-күнге артып келеді. Өйткені, қазір қолөнер бұйымдары үлкен сұранысқа және жоғары бағалауға ие. «Ұлттық қолөнер – ұлт қазынасы» дген осы болса керек...

- Қандай да бұйымды жасау барысында идеялар бірінен соң бірі туындап, ойыма келе береді. Үйде кішігірім гаражым бар. Бұйымдарды сонда отырып дайындаймын. Яғни, шығармашылық ортам деуге болады. Қолөнер бұйымының түріне, пшініне байланысты әртүрлі уақыт жұмсаймын. Осы күнге дейін бірқатар бұйым жасап шығардым, - дейді Қ.Мұхтаров.



ӘЛЕМДЕГІ АУЫЗСУ ПРОБЛЕМАСЫ

Жалпы, кез келген энергияны үнемдеп, тиімді пайдалану, ақылмен жұмсау экологиялық проблемаларды табысты шешудің кілті болып табылады. Жаңартылмайтын энергия көздерін аз пайдалану арқылы біз атмосфераға шығарылатын зиянды заттардың көлемін азайтамыз. Сонымен қатар, энергия үнемдеу экономикалық жағынан да тиімді. Мәселен, осыдан 40 жыл бұрын адамзат бүгінгі тұтынатын энергияның тек жартысын ғана жұмсады. Яғни, әрқайсысымыз планетаның болашағы үшін жауапкершілікті түсінуіміз тиіс.

Әлемдік сарапшылар соңғы 60 жылда ғаламшарда ауыз суды тұтыну 8 есеге өскенін мысалға келтіре отырып, осы жүзжылдықтың ортасына қарай көптеген елдер суды импорттауға мәжбүр болады деген болжам бар. Қазірдің өзінде ауыз су тапшылығын тартып отырған елдер бар.

Ішуге жарамды су алдағы онжылдықта ең өзекті әлемдік мәселеге және ең жоғары құндылыққа айналады. Сондықтан, бұл мәселені қазір шешіп, халықты ауызсумен қамтамасыз етудің ең тиімді жолдарын іздестіру қажет.

Әрбір текше метр су үшін ақша төлеп жатқан елдер де бар. Таза су танкерлермен жеткізілетін АҚШ пен Канада, Швеция мен Германия, Түркия мен Болгария және көптеген басқа елдер арасында көптеген жылдардан бері су сату жолға қойылған. Кейде тіпті бағасы бір текше метр үшін бір центтен 5 центке дейін де өзгередіні бар.

Ресми деректерге сүйенсек, дүние жүзіндегі 1 миллиард адам ішуге жарамды суға зәру. Жыл сайын 3 миллиардтан астам адам сапасыз судың кесірінен пайда болатын дерттерден зардап шегеді. Бүгінде су тапшылығы - тек ортаазиялық елдердің ғана емес, бүкіл әлемнің бас ауруына айналған мәселе.

Сарапшылар болашақта ауыз судың бағасы мұнайдан да қымбат болады деп болжайды.

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАҒДАЙ ҚАЛАЙ?

Қазақстанның да су тапшылығынан қауіптенетін жөні бар. Су көздеріне деген қажеттілік, тұтыну көрсеткіші өнді 20 жыл ішінде 56%-ға жетеді деп күтіліп отыр. Ең бірінші мәселе – трансшекаралық өзендер жағдайы. Еліміздегі суы мол, ұзын аққан өзен атаулының дені басын сырттан алады. Іле мен Ертіс Қытайдан келсе, Сырдарияның басында Өзбекстан мен Қырғыз Республикасы отыр. Жайықтың бастауы – Ресей жеріндегі Орал тауында. Сондай-ақ, Шу өзені де Алатаудан асып, жетеді. Булар – еліміздегі негізгі су көздері. Ертістің суы азайса, Зайсан көліне, Ілеңің суы азайса, Қапшағай мен Балқашқа, Жайықтың суы тартылса, Каспий теңізінің ертеңіне әсері етпек. Ал аталған мемлекеттер өздеріне жетпей жатқан судан бір шелек су тегін бермесі анық. Трансшекаралық өзендерден алатын суымыздың көлемі белгілі. Яғни, Қазақстан ағыс бойымен су жағынан өзге елдерге тәуелді болып отыр. Себебі, трансшекаралық өзендердің тағдыры дегеніміз – өзенді жағалаған мемлекеттің тағдырын шешетін жағдай.

Дүниежүзілік ресурстар институтының бағалауы бойынша, Орталық Азия елдері су тапшылығы жоғарғы елдер қатарына жатады. Ал, Қазақстан болса, орташа жоғарғы қатарға кіреді. Соған сәйкес, географиялық орналасуы, табиғи-шаруашылық ерекшеліктеріне байланысты Қазақстан үшін де су мәселесі үнемі қадағалауда ұстау өте маңызды.

СУ ТАПШЫЛЫҒЫ ПРОБЛЕМАСЫН ҚАЛАЙ ШЕШЕ АЛАМЫЗ?

Халықаралық сарапшылардың қорытындысы бойынша, 2040 жылға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 12 текше шақырымды құрауы мүмкін. Бұл туралы биыл жыл басында өткен Үкімет отырысында ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің өкілдері баяндады.

Олардың мәлімдеуінше су ресурстарын

СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР...

Ауыз су – кез келген тірі жан үшін ең қымбат және қалпына келтіре алмайтын табиғи қор. Соңғы жылдары ғаламшарымыздың түрлі аймақтарында су тапшылығы орын алуы мүмкіндігі туралы жиі-жиі айтылуда. Тіпті, су ресурстары қазіргі уақытта геосаясаттың құралына да айналып бара жатыр. Өйткені, су – барлық ресурстардың ішіндегі ең маңыздысы, адамзат тіршілігінің кепілі.



басқарудың 2020-2030 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының тұжырымдамасы әзірленді. Елдің жыл сайынғы жерүсті су қоры 100 текше шақырымнан аса көлемді құрайды. Оның 46 текше шақырымы немесе 46 пайызы Қазақстаннан тыс жерлерде қалыптасады. Сонымен қатар, жерасты су әлеуеті жылына 15 текше шақырымды құрап отыр.

Жалпы 100 текше шақырымның 50 текше шақырымы экологиялық тепе-теңдікті сақтау үшін қажет. 24 текше шақырымға жуығы экономикада қолданылады. Оның ішінде, 16 текше шақырымы ауыл шаруашылығында, 7 текше шақырымы өнеркәсіпте және 1 текше шақырымы шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланылады.

Өнеркәсіптік секторда су жинау көлемі бойынша ауыл шаруашылығынан кейін екінші орында тұр. Бұл ретте су жинауды жыл сайын ұлғайту атап айтқанда, мұнай мен газды өндіру және өңдеу саласымен ғана қамтамасыз етіледі. Тұщы су тапшылығы байқалатын өңірлерде мұнай мен газды өндіру операциялық, беделді және экономикалық тәуекелдермен, сондай-ақ, су тұтынуды реттейтін нормативтерді қатаңдату нәтижесінде пайдалану және коммерциялық проблемалар салдарынан тиісті шығындардың ұлғаюымен ілесе жүреді. Осыған байланысты ҚМГ-нің көптеген еншілес және тәуелді ұйымдары өз қызметін су тапшы және бағалы табиғат ресурсы болып табылатын өңірлерде жүзеге асырады. Бұл компания үшін су ресурстарын пайдалануды дұрыс, уақытылы және жан-жақты бағалауда өте маңызды болып табылады.

Сонымен қатар, суармалы жерлердегі суды тиімді пайдалану мәселесі өзекті да проблема жетерлік. Суды бекерге ағызып қоятындар көп. Әр тапшы

судың өтемі, ақысы болуы қажет. Басқа мемлекеттерде далаға жіберген әр литр үшін айыппұл төлейсің. Дамыған елдердің бәрінде тамшылатып суару технологиясы қолданылады, біздегідей ағызып жіберіп, қарап отыру жоқ. Олар су құны қымбат болғаннан кейін осындай әдіске көшті. Мамандардың айтуынша, Қазақстанда 1 гектарға жұмсалатын су мөлшері нормадан 1,5-2 есеге асып кетуде. Сондай-ақ, елімізде 2 млн гектардай жерді суаратын ірілі-ұсақты каналдардың жалпы ұзындығы – 30 мың км. Осы каналдармен жылына 20 млрд текше метрдей су жібереміз. Ол су егістік басына жеткенше 15-20%-ы сіңіп кетеді, яғни, жоғалтамыз. Осы деректердің өзі-ақ қаншалықты есепсіз шығын кетіп жатқанын ойландырады.

ТІРШІЛІК КӨЗІ

Тек атыраулықтарды емес, күллі ел халқын алаңдатып отырған өзекті мәселе – мемлекетіміздегі ірі су айдындарының қатарына жататын Жем және Жайық, Ойыл өзендерінің көз алдымызда тартылуы да бүгінгі тақырыбымыздың өзектілігін аша түседі. Бір кездері толқыны тулап, арнасынан тасып жататын өзендер жойылып кете ме деген де қауіп бар. Кесірінен өзеннен нәр алатын жекелеген су алаптарының шырайы да жыл сайын кетіп жатыр. Бұл мәселе бөрінен бұрын кәсібі тіршілік нәріне байланған шаруаларды қатты алаңдатып отырғаны да түсінікті.

Айта кетейік, Ойыл өзенінің тарылуына алаңдаушылық білдірген тұрғындардың бастамасымен арнайы экспедициялар құрылып, мәселенің өзектілігін құзыретті тиісті органдарға жеткізу жұмыстары қолға алына бастады. Солардың қатарында емібіліктердің де бар екенін мақтанышпен атап өтуге болады.

Сумен қамту мәселесін барынша

жақсарту, су ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану және өзен алқаптарын тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында елімізде ірі жобалар қолға алынып жатыр.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі әзірлеген тұжырымдамада жерүсті су ресурстарын ұлғайту есебінен 2030 жылға қарай 5-7 текше км-ге жаңа су қоймаларын салу, 5 текше км дейін су үнемдеу, 15 текше км дейін жерасты суларын пайдалану жоспары енгізілген.

Жуырда Қазақстан Президентінің қабылдауында болған Экология, геология және табиғи ресурстар министрі М.Мырзағалиев Мемлекет басшысына биылғы вегетациялық кезеңнің өтуі және су ресурстарының жағдайы туралы мәлімет берді. Оның айтуынша, биыл су деңгейінің төмен болуына және су тапшылығы қаупіне қарамастан вегетациялық кезең салыстырмалы түрде тұрақты өтті.

P.S. Судың да сұрауы бар. Бұл астары терең сөз тіркесі болғанымен, жаттанды ойға айналғандай. Бірақ, судың шын сұрауы өнді туындап отырғанын уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Бүгінгі күнге дейін «Қазақстан болашақта су тапшылығына ұшырауы мүмкін» деген мәселені ғалымдар көтеріп келген болатын. Енді ел Үкіметі болып қолға алып, шара қабылдап, алғашқы қадамдар жасала бастады. Себебі, шынымен де тек біздің елде емес, бүкіл адамзатта суға зәрулік туындап, қауіп кірді. «Ғасыр проблема-сы» деп бағаланған су тапшылығы мәселесіне әрбір адам үн қосып, ауызбіршілік танытса, қолдаса ғана, болашақ ұрпақтың алдындағы парызымызды орындай аламыз.

МЕРЕЙЛІ КҮН

«Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бастығы Мәлік Қатпаұлы Өскенбайдың зейнеткерлік демалысқа шығуына арналған салтанатты жиын осылай аталды.

Мәлік Қатпаұлы еңбек жолын кеңшардағы қарапайым жұмысшылықтан бастап, әр деңгейдегі жауапкершілігі мол маңызды салаларда абыроймен еңбек етті.

Еліміздің тәуелсіздігімен бірге құрылған «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-на осыдан 20 жыл бұрын қоғамдық тамақтану қызметінің бастығы болып орналасқан ол 2006 жылға дейін өзіне жүктелген міндетті белсенділікпен атқарды. Кейін әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің инженері, 1 санатты маманы, бөлім бастығының орынбасары, ал, 2015 жылдан бастап аталған бөлімге жетекшілік етіп, кәсіби маман ретінде өсудің барлық сатысынан өтті.

Өзінің негізгі қызметіне қосымша ұжымдағы қоғамдық жұмыстардың бел ортасынан табылып, үжімішілік байланысты нығайту жолында үлкен үлес қосып келді.

Қарапайым еңбек адамына жұмыстан кейінгі демалыс уақытында заман талабына

сай қажетті жағдайды жасау - Компанияның басымдық беретін негізгі бағыттарының бірі. Бұл орайда, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ әлеуметтік нысандарында мұнайшының демалыс мезгілінің сапалы да тиімді өтуіне барлық мүмкіндік қарастырылған. Бұл бағыттағы Мәлік Өскенбайдың ерен еңбегін тек қайнарлықтар емес, тұтастай Ембі ұжымы ерекше бағалауда. Салтанатты жиын барысында сөз алған аталған мұнайгаз өндіру басқармасының бастығы Мәлік Жүнісов мерейтой иесіне жылы лебізін білдіріп, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның «Құрмет грамотасы» мен Басқарма төрағасының Алғыс хатын табыстады. Сонымен қатар, басқарма ұжымының және өзі еңбек еткен әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің атынан сый-сияпаттармен марапаттады.

Бұған қоса, өндірістік басқарманың кәсіподақ комитетінің төрағасы Еркінбек Мырзашев, жатақханалардың тазалығын қамтамасыз ететін «Dos support» ЖШС қызметкерлері және басқалар да Мәлік Қатпаұлының Ембі өндірісінде өткен ұзақ жылғы еңбегіне алғыс айта отырып, құрметті зейнеткерлік демалысқа шығуымен құттықтады.



Отбасы құндылығы

Жұптары жазылмаған жандар

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Қысымбай кен алаңында қабат қысымын сақтау операторы Мұхтар Сражанов осы ұжымда табан аудармай 25 жыл еңбек етіп келеді. Бұл мамандыққа келуінің себебімен бөліскен Мұхтар өзінің атасы, әкесі мен анасының да осы мұнайгаз саласында ұзақ жылдар нәпақасын тапқанын тілге тиек етті. Мұнайшының баласы өзінің де болашақ кәсібін мұнайшының тағдырымен сабақтады.

1993 жылы игерілуге берілген Қысымбай кен алаңында еңбекке араласқан Мұхтар Сражановтың еңбек кітапшасында бір-ақ сөйлем жазылған. Міне, содан бері 25 жыл уақыт араға із салды. Мұхтар екінші үйіндей болып кеткен ұжымда – Қысымбай мұнайгаз өндіру цехында табысты еңбек жолын жалғастырып келеді. Осы ұжымда жүріп болашақ жары Шаттықпен танысты.

Мұхтар жұмысқа тұрғаннан соң 4 жылдан кейін Шаттық Исенғалиева зерттеу операторы болып жұмысқа тұрады. Екі жастың танысқан күнінен бастап араларында ерекше сыйластық орын алды. Шаттыққа Мұхтар үнемі көңілді жүретін мінезімен ұнаса, Шаттық Мұхтарды



салмақты мінезімен баурап алды. Сөйтіп, 2001 жылдың желтоқсан айында қос мұнайшы шаңырақ құрды.

- Жұмыс болғасын әр түрлі қиындықтар болатыны даусыз. Шаршап келгенде

Мұхтар сол ақжарқын мінезімен көңілсіз сәттерді жуып-шайып жібергендей болады, - дейді Қысымбай кен алаңының зерттеу операторы Шаттық Исенғалиева.

Келіншегі Шаттықтың пікірін жалғаған

Мұхтар да жанұяның берекетін кіргізетін өзара татулық, келісім дегенді баса айтты.

- Өмірдің өзі – бізге берілген сынақ. Ол мезгілде әртүрлі жағдайлардың болары даусыз. Алайда, қандай қиындықтар болмасын ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген сыйластығы сол күйінде өзгеріссіз қалғаны дұрыс. Бірі ашуланған сәтте екіншісі сабыр сақтай білсе, шаңырақтың шырайын кіргізетін осы сыйластық қой, - деген Мұхтардың Шаттыққа қараған көз жанарынан жарасымын тапқан татулықты аңғарасыз.

Бір-біріне деген ниеті мен сенімі артқан ерлі-зайыпты мұнайшылар Мұхтар мен Шаттықтың отбасында бүгінде төрт бала өсіп келеді. Олардың алды студент болса, кішісі – мектеп оқушысы. Тоғыз баланың бірі болып өскен Мұхтардың өзі көп балалы жанұядан тәлім-тәрбие алды.

Мұхтар Сражановтың шаңырағында орын алған жақсы дәстүрдің бірі - еңбек демалыстарында бала-шағаларын ертіп еліміздің әдемі де көркем жерлерінде бірге демалу. Әрі демалыс, әрі балаларына Қазақ елінің әсем табиғатын көрсету.

- Баланың бойындағы туған жеріне деген сүйіспеншілік сезім өз шаңырағынан бастау алуы керек, - дейді көп балалы әке, мұнайшы Мұхтар.

А Н Ы Қ Т А М А :

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Е.Қайыржанға қояр сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңыз болса, blog_emg@emg.kmgerp.kz электронды поштасына жолдауларыңызға болады.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана

Редакцияның мекен-жайы:

Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі

мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77,

21-177. L.Suleimenova@emg.kmgerp.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21;

21-121. G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09,

21-309 A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

Редакциялық кеңес:

Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының

өндіріс жөніндегі орынбасары;

С.Нақаев - Басқарма төрағасының

жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының

экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және

еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру

департаментінің директоры;

Ж.Мұханғалиев - еңбекті және қоршаған ортаны

қорғау департаменті директорының орынбасары;

Л.Сүлейменова - қоғаммен байланыс

қызметінің жетекшісі.

Баспахана:

«Ақ Жайық» ЖШС

Мекен-жайы: Атырау қ, Балғымбаев қ., 71А

Байланыс телефондары: 27-23-67

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі.